

Мұғалімдерге интербелсенді тақта арқылы дайын тжб мен бжб нұсқаларын көрсетіп, олардың жасалу жолы бойынша топтық тапсырмалар ұйымдастырылды. Мұғалімдер берілген флипчарттарға маркерлермен өздері қалаған (5-сыныпқа) нұсқада тапсырмалар құрастырып екі топ толық бжб және тжб бойынша талдаулар жүргізді. Талдау барысында тапсырмаларды мақсаты мен күтілетін нәтижесін анықтап, дескриптор бойынша бағалау кестесін құрды. Бұл тапсырмалардың оқушы деңгейіне қаншалықты сай екенін және бағалау кестесінің нақты бала деңгейіне сай құрылуы жағынан екі топ бір-біріне кері байланыс берді. Үлестірме қағаздар арқылы мұғалімдер бұл бағалау жүйесінің тиімділігі мен кемшілігі жайында талқылап, білім беру жүйесінде критериалды бағалаудың қаншалықты маңызды екеніне де тоқталып өтті.

Коучинг соңында спиккерлер мұғалімдермен бірлесе отырып, коучинг мақсатына қаншалықты жеткені бойынша шкаламен танысты. Мұғалімдер үшін бжб мен тжб тапсырмаларын бірден құрастыра салу оңай емес екенін, оған алдын ала дайындықтың болу керектігі жөнінде де талқылау болды. Қорытындылау кезінде бжб мен тжб тапсырмаларын құрастыру мұғалімдердің өз еріктерінде екені және бұл тапсырмаларды дайын күйде қолдануға болатыны жайлы да айтылды. Десек те, ізденге ұстаз- алдында отырған шәкірттерінің біліміне жауапкершілікпен қарау ұстаздың тікелей міндеті екені де ескертілді.

**Хабарламашы**

**М.Шілдебай**

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры

Г.З.Кембебаева

«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2023-2024 оқу жылындағы  
үйірме, элективті курс, жаһандық құзыреттер курстарының  
сабақ кестесі

№	Тақырыбы	Апта күні	уақыты	Сын ыбы	Оқушы саны	Мұғалімнің аты- жөні
1	“Көркем жазу”	Бейсенбі	11.30	1а	18	Досымбекова Ж. О.
2	“Көркем жазу”	Сәрсенбі	11.30	1ә	18	Уябасарова С. М.
3	"Логикалық математика "	Бейсенбі	17:30	2а	18	Айкимбаева А.И.
4	"Логикалық математика"	Бейсенбі	17:30	2ә	17	Толегенова Н.Қ.
5	"Жұмбақтар сандығы"	Сәрсенбі	16:40	2а	18	Айкимбаева А.И.
6	"Жұмбақтар сандығы"	Жұма	15:50	2ә	17	Толегенова Н.Қ.
7	"Қызықты математика"	Дүйсенбі	17.30	3а	20	Шашубаева Ф. Д.
8	"Қызықты математика"	Дүйсенбі	17.30	3ә	20	Боранбай З. Б.
9	"Математика және логика"	Сейсенбі	10.40	4а	16	Алтаева К.И
10	"Математика және логика"	Сәрсенбі	10.40	4ә	17	Дарибаева А.С
11	«Жаһандық құзыреттілік»	Бейсенбі	9.00	5а	17	Нурманов Е.Е
12	«Жаһандық құзыреттілік»	Бейсенбі	10.00	5ә	20	Нурманов Е.Е
13	«Жаһандық құзыреттілік»	Сәрсенбі	9.00	6а	20	Нурманов Е.Е
14	«Жаһандық құзыреттілік»	Сәрсенбі	10.00	6ә	20	Нурманов Е.Е
15	«Жаһандық құзыреттілік»	Сейсенбі	9.00	7а	24	Нурманов Е.Е
16	«Жаһандық құзыреттілік»	Дүйсенбі	9.00	8а	19	Нурманов Е.Е
17	«Жаһандық құзыреттілік»	Дүйсенбі	10.00	8ә	18	Нурманов Е.Е
18	«Жаһандық құзыреттілік»	Сәрсенбі	15.00	9а	21	Жайлауов Н.Қ
19	«Жаһандық құзыреттілік»	Сәрсенбі	14.00	9ә	15	Жайлауов Н.Қ
20	Математикалық сауаттылық	Сейсенбі	15.00	10а	9	Есжанова А.Н
21	Оқу сауаттылығы	Дүйсенбі	15:00	10ә	9	Мейрманова Т.Т
22	«Жаһандық құзыреттілік»	Бейсенбі	14.00	10а	9	Жайлауов Н.Қ
23	«Жаһандық құзыреттілік»	Бейсенбі	15.00	10ә	9	Жайлауов Н.Қ
24	Математикалық сауаттылық - негізгі математикалық білім	Сәрсенбі	15.00	11а	7	Есжанова А.Н
25	Оқу сауаттылығы	Сәрсенбі	16:00	11ә	11	Мейрманова Т.Т
26	Көмірсутек шикізаты:кеше, бүгін,ертең	Бейсенбі	15:00	10а	9	Жортинбаева Ф.Г
27	Тапсырмалар мен жаттығулардағы химия	Сәрсенбі	15:00	11а	7	Жортинбаева Ф.Г
28	«Жаһандық құзыреттілік»	Сәрсенбі	15:00	11ә	10	Нурманов Е.Е

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

К.К.Мамырова

## **Шешім:**



1. Жаңартылған білім мазмұны бойынша қоғамдық – гуманитарлық бағытындағы пәндер жүйелі жүргізілсін;
2. Тәлімгердің жас маманмен жұмысы жандандырылсын;
3. Тоқсандық БЖБ және ТЖБ қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын;
4. 2023-2024 оқу жылындағы тілдер мерекесіне арналған «Тіл-рухани қазына» атты апталығының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын;

### **№3. Әдістемелік кеңес:**

1. Облыстық пән олимпиадасының және ғылыми жоба байқауының қорытындысын талдау;
2. 1-жартыжылдық бойынша әдістемелік бірлестіктер жұмысының қорытындысы;
3. Медицина қызметкерінің жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру бойынша профилактикалық жұмысының нәтижелері
4. 4,8,9 сынып оушыларының функционалық сауаттылық деңгейін зерттеу
5. Білім сапасын арттыру мақсатында математика, физика, информатика пәні мұғалімдерінің іс-тәжірибесімен бөлісуді ұйымдастыру.

**«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің «Жас ғалым» шығармашылық тобының I жартыжылдық бойынша дарынды балалар жұмыстарының ХАБАРЛАМАСЫ**

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында «Жас ғалым» шығармашылық тобының жылдық жоспары жасалып, бекітілді. Педагог-зерттеуші санаты бар ұстаздармен қыркүйек айының 12-сі күні «Дарынды балаларды қалай анықтаймыз?» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жекелеген пәндер бойынша оқушының бойындағы бейіндік қабілеттерін анықтап, тізімдері жасалды. Пән мұғалімдері дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жоспарлары жасалып, жинақталды.




Бастауыш пән мұғалімдерінің «Кенгуру» олимпиадасына дарынды оқушыларды қатыстыруға ықпал жасады. Қыркүйек айынан бастап дайындық жұмыстары күшейтілді. Нәтижесінде I, II, III дәрежелі және қатысқаны үшін дипломмен сертификаттармен марапатталды.



Бастауыш сыныптар бойынша, Қыркүйек айында оқушылардың ой-өрісін зерттеу арқылы дарынды оқушылар анықталды. Олар Асқар Айзере математика бағыты бойынша және Төлеген Абылайхан әдебиеттік оқу пәні бойынша . 26-30 қыркүйек күндері өткен «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастарыған «Кенгуру» ойын конкурсына 4 «А» сыныбынан 7 оқушы қатысты. Оқушылармен конкурсқа алдын- ала дайындық жұмыстары

жүргізілді. Білім алушылармен бірге математикадан логикалық есептердің, зерттеуге берілген есептердің, жанама түрде тұжырымдалған есептердің шығару жолдары талқыланды. Нәтижесінде 4 оқушы I дәрежелі диплом, 1-оқушы II дәрежелі диплом иеленді.



Осы аталған конкурста Асқар Айзере, Төлеген Абылайхан қатысып, өздерінің білімін сынға салып, артқан үмітті ақтады.





«Алтын сақа» математикалық олимпиадасына да дайындық жұмысы жүргізілді. Олимпиаданың мектепшілік кезеңіне Төлеген Абылайхан, Баймолда Айдос қатысып, Айдос аудандық кезеңге өтті.



Асқар Айзеренің математика пәніне қабілеті өте жоғары. Қиын тапсырмаларды сүйсіне орындайды, проблеманы тереңінен қарауға ұмтылысы бар. Сол себепті

білім алушыға математикалық-логикалық тапсырмаларды жиі ұсынып тұрамын.  
Әр сабақта оқушының ой-өрісінің өсуіне жағдай жасалады.



Кенгуру олимпиадасына қатысып дәрежелі диплом алған дарынды оқушылар:

2 сынып – 8 оқушы

3 сынып-7 оқушы



4 сынып-3 оқушы

7 сынып -6 оқушы,



8 сынып- 8 оқушы,



10 сынып-2 оқушы.

Негізгі және бейіндік пәндер бойынша дарынды оқушылармен практикалық жұмыстар жүргізілді. Дарынды оқушылар тізімі анықталды.



Химия бейіндік пәндер бойынша практикалық жұмыс және теориялық білімдерін ұштастыра байланыстыра алатын, білім алушылармен жұмыс түрлері үйлестірілді.





1-11 сыныптар аралығында барлық пәндер бойынша деңгейлік тапсырмалар үйлестірілді. Дарынды балаларды анықтау мақсатта сабақ үстінде үйлестірілген тапсырмалардың орындалуы бойынша анықталды.

Қосымша тақырыптармен қызуғышылық татынатын және ғылыми жобаға қатысатын оқушылар тізімі төмендегідей:

1. Енрұрқызы Айғаным «Жаңғақтың түрлері»
2. Нұркерім Аяна «Алманың пайдасы»
3. Айдос Анель «Топалиника Балхашского района»
4. Ершиман Диана «Қоқысты қайта өңдеу»
5. Серік Жаннұр «Асқабақтың пайдасы»
6. Жұлдызқызы Аружан «Абайдың ақын шәкірттері»

Математика бейіндік пәндері бойынша, Қыркүйек айында білім алушылардың ой –өрістерін зерттеу арқылы дарынды білім алушылар анықталды. Олар 5а сынып білім алушылары Қанат Айбике, Исағұл Бекнар , Бекзат Ақжол. 10 сынып білім алушылары Қыдыркелді Жан, 10ә сынып білім алушылары Ералы Толқын, Жұлдызқызы Аружан,. 26-30 қыркүйек күндері өткен «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығы ұйымдастырған «Кенгуру» ойын конкурсына 5а сынып білім алушы Исағұл Бекнар қатысып , сертификат алды. 10 сынып білім алушылары Жұлдызқызы Аружан мен Қыдыркелді Жан қатысып, 3- дәрежелі дипломмен марапатталды.



29- қыркүйек күні 5-6 сынып білім алушыларына арналған «Алтын сақа»


олимпиадасының мектепшілік кезеңі өтті. 5 сынып білім алушылардан 5 оқушы қатысып ,екі оқушы Исағұл Бекнар мен Қанат Айбике аудандық кезеңге жолдама алды.







20- қазан күні 10-11 сыныптарға арналған «Алтын түлек» математикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі өткізілді. 10 сынып білім алушылардан 4 білім алушы қатысып, екі білім алушы Жұлдызқызы Аружан мен Қыдыркелді Жан өңірлік кезеңге жолдама алды. Пән мұғалімі Үсенова Т.З.

19.10.22 күні мектеп психологы Жолдыбай Алтынай дарынды балаларға көмек көрсету мақсатында «Дарынды және талантты оқушы» тақырыбында тренинг өткізді.




2023-2024 оқу жылының Қараша айынан бастап пәндік олимпиаданың I кезеңіне дайындық жұмыстары жүргізілді. 9-11 сынып білім алушыларымен гуманитарлық және жаратылыстану пәндері бойынша кестесі құрылып, деңгейлік тапсырмалар нәтижесі бойынша баланың қабілеттері анықталды.

Мектепшілік пәндік олимпиада бойынша аудандық кезеңге жолдама алған оқушылар анықталды.



Пәндік олимпиаданың екінші аудандық кезеңінің нәтижесі төмендегідей:

Оқушының аты-жөні	Пәні	орны	жетекшісі
Қыдыркелді Жан	Физика	ІІІ	Богумбаева Г
Серік Құралай	құқық	ІІ	Жайлауов Н
3 Таңатаров Досымжан	Қазақстан тарих	ІІ	Жайлауов Н
4 Байболқызы Жанерке	құқық	ІІ	Жайлауов Н
5 Жансейіт Жібек	химия	ІІІ	Жортинбаева Ф
6 Хамза Хадислам	Қазақстан тарихы	ІІІ	Жайлауов Н
7 Қайырғали Аяулым	Орыс тілі мен әдебиеті	І	Садирова Б
8 Асхатқызы Ляззат	Қазақ тілі мен әдебиеті	ІІІ	Мейірманова
9 Ердана Айым	Қазақ тілі мен әдебиеті	ІІ	Кузенбаева Ж
10 Әбілхан Аружан	Ағылшын тілі	І	Алмат Р
11 Ғаниұлы Мадияр	информатика	І	Үркінбаева Г



8 сынып оқушылары бойынша Республикалық «Айқанат» олимпиадасы бойынша, аудандық кезеңге боқушы өтті. Қали А, Төлепбергенқызы Ү. Серік Ж. Дәулетияр Д. Хамза А. Айдарқұл Н. қатысты. Республикалық 10-11 сынып арасында болған «Алтын түлек» аудандық кезеңіне 2 оқушы қатысып, 1 оқушы Жұлдызқызы Аружан ІІІ -жүлделі орын иеленді. «Алтын сақа» 3-4сынып аралығында аудандық кезеңге 6 оқушы қатысып, 4 оқушы жүлделі орынмен оралды:

Нұркерім Ә-2 орын  
Медетұлы Н-1 орын  
Баймолда А-3 орын  
Алмасқызы А-2 орын

«Алтын сақа» 5-6 сыныптар бойынша аудандық кезеңге 6 оқушы қатысып, 3 оқушы жүлделі орынмен оралды:

Нұркен Ә-3 орын

Исағұл Б-1 орын

Аршынұлы З-3 орын

Республикалық ауыл олимпиадасының I кезеңіне мектебімізден 26 оқушы қатысып, нәтижесінде II кезеңге 7 оқушы жолдама алды. Ауыл олимпиадасының II кезеңінің нәтижесінде екі оқушы жүлделі орындар алды (Асхатқызы Л қазақ тілі мен әдебиеті, Серік Қ. құқық пәнінен).

Республикалық пәндік олимпиадасының аудандық кезеңінен өткен оқушылар:

Қайырғали А: орыс тілі мен әдебиеті- I орын

Ғаниұлы М: информатика -I орын

Әбілхан А: ағылшын тілі -I орын

Облыстық кезеңнен Ғаниұлы Мадияр информатика пәні бойынша бақ сынап, III жүлделі орын иеленіп келді.

8 сынып оқушыларға арналған география пәнінен өткен олимпиадасының аудандық кезеңінен Төлепбергенқызы Үміт III-орын иеленді.



Топ жетекшісі Жортинбаева Ф.Г.

**«Бірлік орта мектебі» мкм-де жаратылыстану пәндер бойынша  
2023-2024 оқу жылында I жартыжылдық бойынша  
атқарған жұмыстары туралы  
Х а б а р л а м а**

Жаратылыстану пән бірлестігінің өзекті мәселесі: «Сабақта жаңа технологияны пайдалана отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, нәтижеге бағытталған білім беру.

Математика пәнінің мұғалімі Есжанова Аманкуль 2023 жылдың қыркүйек айында 6 сыныптар арасында өткен "Алтын сақа" мектепшілік пән олимпиадасына қатысып Русланқызы Кәусар, Таиров Рамазан, Аршынұлы Заңғар ауданға жолдама алды. Сонымен қатар 9 сыныптар BILIMCENTER.KZ. тест тапсырды. 9<sup>о</sup> сыныптар бойынша нәтижесі 32%, 9<sup>а</sup> сынып бойынша 51% көрсеткіш көрсетті.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып, 6 сынып оқушысы Русланқызы Кәусар математика пәні бойынша 1-дәрежелі дипломмен, Қалас Диана 2-дәрежелі дипломмен, 9-сынып оқушысы Ғаниұлы Мадияр математика пәні бойынша 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж. «Алтын сақа» математикалық олимпиадасына 6-сынып оқушылары Русланқызы Кәусар, Қалас Диана аудандық кезеңге қатысып, қатысқаны үшін грамотамен марапатталды.

Мектепшілік пән олимпиадасынан Мейрамбекұлы Рамазан қатысып, аудандық пәндік олимпиадасына жолдама алып, қатысып сертификат алды.

Математика пәнінің мұғалімі Сейтқұл Айжан 2023 жылдың 30-қыркүйекте 5-6 сыныптарға арналған Республикалық «Алтын сақа» математикалық мектепшілік олимпиадаға 5 «ә» сыныбының 4 оқушысы қатысып, нәтижесінде Нұркен Әділет озып шығып, аудандық кезеңге жолдама алды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып, 5 сынып оқушылары Нұркен Әділет, Мейрамбек Абылай математика пәні бойынша 2-ші дәрежелі дипломмен, 7а сынып оқушылары Мейліс Құралай, Серік Жұлдызай 2-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж

«Алтын сақа» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде

5ә-сынып оқушысы Нұркен Әділет қатысып 3-ші орынды иеленді.

**Математика пәнінің мұғалімі Усенова Толқын** 2023 жылдың 30 –қыркүйекте 5-6 сыныптарға арналған Республикалық «Алтын сақа» математикалық мектепшілік олимпиадаға 5 «а» сыныбының 5 оқушысы қатысып, нәтижесінде Исағұл Бекнар және Қанат Айбике озып шығып, аудандық кезеңге жолдама алды. 26-30 қыркүйек күндері өткен «Дарын» республикалық ғылыми практикалық орталығы ұйымдастырған «Кенгуру» ойын конкурсына 5а сынып білім алушы Исағұл Бекнар қатысып, сертификат алды. 10 сынып білім алушылары Жұлдызқызы Аружан мен Қыдыркелді Жан қатысып, 3- дәрежелі дипломмен марапатталды. 20- қазан күні 10-11 сыныптарға арналған «Алтын түлек» математикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі өткізілді. 10 сынып білім алушылардан 4 білім алушы қатысып, екі білім алушы Жұлдызқызы Аружан мен Қыдыркелді Жан өңірлік кезеңге жолдама алды.

27 –қазан күні математика пәні мұғалімдеріне «Алтын сақа», «Алтын түлек», «Алтын тұғыр» олимпиадасына байланысты облыстық семинар – тренингке қатысып, тәжірибе алмасты.

2023 жылдың 17 –қарашада 5-6 сыныптарға арналған Республикалық «Алтын сақа» математикалық аудандық олимпиадаға 5 «а» сыныбынан Исағұл Бекнар мен Қанат Айбике қатысып, нәтижесінде Қанат Айбике қатысқаны үшін грамотамен, Исағұл Бекнар I орынды иеленіп, облысқа жолдама алды.

1-желтоқсан күні 10-11 сыныптарға арналған «Алтын түлек» математикалық олимпиаданың өңірлік кезеңіне 10 сынып білім алушылары қатысып, Жұлдызқызы Аружан 2-орын, Қыдыркелді Жан қатысқаны үшін грамотамен марапатталды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының аудандық кезеңіне 11а сынып оқушысы Ерназқызы Шалқар математика пәнінен қатысты.

**Математика пәнінің мұғалімі Ноғайбай Анас** 26-30 қазан аралығында өткен Республикалық «Кенгуру - математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурсына 8 «А» сыныптан 5 оқушы қатысып. Русланұлы Аслан - I дәрежелі дипломмен, Қали Айзере, Мұхитқызы Айғаным, Айдаркүл Нұрай, Ыбраш Назерке - II дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып, математика пәні бойынша: 8а сынып оқушысы Қали Айзере II-дәрежелі дипломмен марапатталды.

**Физика пәнінің мұғалімі Богумбаева Гулмайра** «Тағылым» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналына «Қысым» тақырыбында сабағы жарияланды.

26-30 қазан аралығында өткен Республикалық «Кенгуру - математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурсына 8 «А» сыныптан

2 оқушы Жасқайрат Ақерке, Жасасынқызы Ақпейіл қатысып, ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып, физика пәні бойынша: 8а сынып оқушысы Жасасынқызы Ақпейіл және 10а сынып оқушысы Қыдыркелді Жан 3-дәрежелі дипломдарымен марапатталды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының аудандық кезеңіне 10а сынып оқушысы Қыдыркелді Жан физика пәнінен қатысып ІІІ орын алды.

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадасына физика пәні бойынша Ералы Толқын қатыстып ІІІ орын алды (І-кезең)

**Информатика пәнінің мұғалімі Үркінбаева Гулзира** «Ұлағат» дамушы ұстаздар орталығы ұйымдастырған «Жаңа заманға – жаңашыл педагог» атты республикалық тәжірибелік семинар – тренингке қатысып, біліктілігін арттырды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып, Мұхтар Айсезім информатика пәні бойынша 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының аудандық кезеңіне 9 сынып оқушысы Ғайниұлы Мадияр информатика пәнінен қатысып жүлделі І орынды иеленіп, облысқа жолдама алды.

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасына информатика пәні бойынша Ғайниұлы Мадияр қатысты.

**Информатика пәнінің мұғалімі Қайырғали Дария** 10ә сынып оқушысы Ердана Айым аудандық ғылыми жұмысқа «Мобиология» тақырыбында ғылыми жобасын қорғап, 2 орынды иеленді.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне 7а сынып оқушыларынан Мейліс Құралай, Әлімқызы Мақпал информатика пәні бойынша қатысып 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасына информатика пәні бойынша 9-сынып оқушысы Сағынбек Қуанжан қатысты.

География пәнінің мұғалімі **Ибрагімова Бахыткул** 8а сынып оқушысы **Тілепбергенова Үміт** аудандық пән олимпиадаға қатысып, 3 орынды иеленді.

24.11.2023ж. Топар ауылында өткен «Кәсіби құзыреттілік-білім саласының арттырудың негізі» тақырыбында аудандық семинарға қатысып, тәжірибе алмасты.

Балқаш аудандық білім бөлімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 2023ж

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып, **Серікқызы Мейірім** география пәні бойынша 1-дәрежелі дипломмен, **Мұхтарқызы Айсезім** география пәні бойынша 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж

Биология пәнінің мұғалімі **Қыдырбай Біржан** 2023 жылдың 12- қазан күні ауданда өткен «АИТВ жұқпасының алдын алу туралы» дөңгелек үстелге қатысты.

Биология пәнінің мұғалімі **Оспанова Айнұр** 2023 жылдың 15 –қыркүйекте «Экология» тақырыбында облыстық семинарға қатысып, тәжірибе алмасты.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып, **Әбілхан Аружан** биология пәні бойынша 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының аудандық кезеңіне 10 сынып оқушысы **Бақытжанқызы Арна** биология пәнінен қатысты.

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасына биология пәні бойынша **Бақытжанқызы Арна** қатысты.

Бірлестік жетекшісі: **Усенова Т.З.**

«Бірлік орта мектебі» мкм  
2023-2024 оқу жылы бойынша

қоғамдық гуманитарлық бірлестігінің І-жарты жылдығында атқарған жұмыстары туралы

## ХАБАРЛАМАСЫ

Мұғалім саны:11  
Декреттік демалыста:2  
Зерттеуші:4  
Модератор:4  
Педагог:1

### Мақсаты:


сапалы білімді, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыруда инновациялық-педагогикалық әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру.

### Міндеттері:

- Оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу;
- Пән бойынша күзиреттіліктерді анықтау және дамыту;
- Педагогикалық тәжірибе алмасу;
- Педагогикалық әрекеттің мониторингін жүргізу;
- Білім сапасы мен сауаттылығы төмен сыныптарда білім сапасын арттыру үшін тиімді жұмыс түрлерін таңдап алу және олармен жүйелі жұмыс жүргізу;
- Қабілеті жоғары, үлгерімі төмен оқушылармен жекелеген жұмыстар жүргізу;
- Оқушылардың жазбаша және ауызша тілдік қорларын дамыту.

24-25.08.2023 ж. Петропавл қаласында "Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ табысты ұлт" тақырыбында Республикалық Тамыз кеңесінің делегаты, 2023 жылдың 30-31 мамырында «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған Қазақстан тарихынан 5-9 сынып оқушылары арасында республикалық қашықтық «Тарих ата» олимпиадасына 7-9 сынып оқушылары қатысып нәтижесінде жирма жеті оқушы І-ІІ дәрежелі дипломымен марапатталды.

2023 жылдың қыркүйек және қазанаралығында «Геродот» тарих пәні мұғалімдері ассоциациясының облыстық мүшесі ретінде облыстық on-line семинарларына қатыстым.





Орвис тили мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ансабекова Асыл

09.2023-06.10.2023ж. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Педагогикалық шеберлік орталығында педагогтердің биликтігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша «Мектептегі қазақ тілі әдебиеті сабағы: басымықтар және жетілдіру стратегиялары» 120 академиялық сағат көлемінде курстан өттім.



Астана қаласы, Наурызбай бек даңғылы, 211  
Тел: +7 (7777) 22 27 20  
Email: info@nis.kz



Т.А. Назарбаев Зияткерлік мектептері  
Қазақстан Республикасы  
Астана қаласы, Наурызбай бек даңғылы, 211  
Тел: +7 (7777) 22 27 20  
Email: info@nis.kz

Оқығаны туралы анықтама  
Справка об обучении

Ансабекова Асыл Аңсабекқызы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығында педагогтердің биликтігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша «Мектептегі қазақ тілі әдебиеті сабағы: басымықтар және жетілдіру стратегиялары» 120 академиялық сағат көлемінде курстан өтті.

Ұйым басшысы  
Руководитель организации

Асубаев Т.К.




Оқу мерзімі/Период обучения: 18.09.2023-06.10.2023

5-ші қазан Ұстаздар күніне арналған Өскелен ұрпақты тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған Алматы облысы жастар ресурстық орталығы директорының алғыс хатымен марапатталдым.




Бірлестік жетекшісі Толжарасова А., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Омарова Г. «Көркем сөз-көңіл тілі, жалаң сөз-зейін тілі» тақырыбында өткізілетін шара туралы мәлімет беріп өтті.




Үш тұғырлы тіл-уақыт талабы демекші қазақ тілі- мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі.


5.09.2023 жылы мектеп кітапханашысы Құсаинова А. «Тіл тұғыры-ұлт ғұмыры» атты кітап көрмесін өткізді.




9 «А» сынып оқушысы Ермек Аружан ағылшын тілінде арнау оқыса, 8 «А» сынып оқушысы Қали Айзере С.Торайғыровтың «Қазақ тілі» өлеңін оқыды. 5 «А» сынып оқушысы Исағұл Бекнар «Велики язык» өлеңін оқыды.




8.09.2023 жылы 5-6 сынып арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мейірманова Т. мақал- мәтел сайысын жоғары деңгейде өткізді.



8.09.2023 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Омарова Г. 10 «А», 10 «Ә» сыныптар арасында «Көп тілділіктің қажеттілігі және кері әсері» тақырыбында дебат өткізілді. Мақсаты: оқушылардың тіл байлығын дамыту, сөздік қорларын кеңейту. 12-қыркүйек қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Кузенбаева Ж. 5-9 сынып аралығында интеллектуалық ойын ұйымдастырды. Ойынның мақсаты оқушылардың тілге деген құрметін арттыру, тілге байланысты қызықты ақпараттармен бөлісу.



7.09.2023 жылы орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Садирова Б. «Веселая грамматика» ойынын өткізді.



8.09.2023 жылы орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Толжарасова А. 9 «А» сыныбында Лингвистический турнир «В мир русского языка» тақырыбында өткізді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артып, белсене қатысты. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері Несипбекова А., Алмат Р., Жумали А. «We speak english» тақырыбында пікірталас өткізді.

Аудандық облыстық олимпиадалар қараша, желтоқсан айлары  
Қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Мейрманова Т.Т

«Абай» олимпиадасынан 9 сынып оқушысы Жансейт Ж 3 орын  
5 «Ә» сынып оқушылары

1. Ғалымқызы К 1 орын

2. Болат Ж 1 орын

3. Асхат Н 1 орын

4. Сәкен А 1 орын

5. Серікхан Н 1 орын

2023 жылдың желтоқсан айында Бақанас ауылында өткен, аудандық пән олимпиадасында 9  
сынып оқушысы Асхатқызы Л Зорын

еңіне өтті.

Орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі **Омарова Гулнара**  
Абай олимпиадасы 10 сынып оқушысы **Ералы Толқын** 1-орын,  
Абай олимпиадасынан 9 сынып оқушысы **Серікқызы Мейірім**, 11 сынып оқушысы **Сүлеймен Назгүл** ауданнан өтіп, облысқа жолдама алды.

Қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі **Кузенбаева Жанар**  
2023 жылдың желтоқсан айында Бақанас ауылында өткен, аудандық пән олимпиадасында 10 сынып оқушысы **Ердана Айым** 2 орын,  
10 сынып оқушысы **Ердана Айым** "Абай" олимпиадасы 1 орын

Орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі **Садирова Батиха**  
2023 жылдың желтоқсан айында Бақанас ауылында өткен, аудандық пән олимпиадасында **Қайырғали А.11ә** 1 орын, ауыл олимпиадасына **10а Жолдасбай А.**, **Қайырғали А.11ә** қатысты.

Орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі **Толжарасова Айгул**  
27-ші Ғылыми-практикалық конференцияға 9 сынып оқушысы **Серікқызы Мейірім** 1-орын, облысқа жолдама алды.



2023 жылдың қыркүйек және қазан аралығында «Углубленное изучение рус.яз» орыс тілі пәні мұғалім **Толжарасова Айгул** облыстық on-line семинарларына қатысты.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі **Алмат Роллан**  
9а сыныбынан **Әбілхан Аружан** аудандық пән олимпиадасынан 1 орын, облысқа жолдама.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі **Жумали Айсұлу**  
Абай олимпиадасы 8 сынып оқушысы **Дәурен Аружан** 3 орын

Тарих пәнінің мұғалімі **Нұрманов Ерлан**  
Абай олимпиадасы 11 сынып оқушысы **Ерназ Шалқар** 1 орын




Тарих пәнінің мұғалімі **Жайлауов Нұрболат**  
24-25.08.2023 ж. Петропавл қаласында "Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ табысты ұлт" тақырыбында Республикалық Тамыз кеңесінің делегаты болды

1. 2023 жылдың 30-31 мамырында «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған Қазақстан тарихынан 5-9 сынып оқушылары арасында республикалық қашықтық «Тарих ата» олимпиадасына 7-9 сынып оқушылары қатысып нәтижесінде жирма жеті оқушы I-II дәрежелі дипломымен марапатталды.

2. 2023 жылдың қыркүйек және қазан аралығында «Геродот» тарих пәні мұғалімдері ассоциациясының облыстық мүшесі ретінде облыстық on-line семинарларына қатысты.

10<sup>сынып</sup> оқушылары Хамза Хабдвислам тарих пәні бойынша жүлделі ІІІ орын және Байболқызы Жанерке құқық пәні бойынша жүлделі ІІ орын иеленді. 10<sup>сынып</sup> оқушылары Серік Құралай құқық пәні бойынша жүлделі ІІ орын және Таңатаров Досымжан тарих пәні бойынша жүлделі ІІ орын иеленді.

4. 2023 жылдың 22 желтоқсанда ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының құқық пәні бойынша екінші кезеңінің ІІ орын иегері 10<sup>сынып</sup> оқушысы Серік Құралай.



Оқушылардың мемлекеттік тілге деген қызығушылықтары артып, бойларына патриоттық сезімді халықтың мәдени мұрасы арқылы қалыптастырылды. Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне деген қызығушылықтары оянып, Қазақстан жерінде тұратын халықтардың салт - дәстүрлері туралы айтылып, тілге құрмет көрсетуге, оны ықыласпен үйренуге тәрбиеледік.

Хабарламашы : Толжарасова А.

Хатшы: Кузенбаева Ж.

## «Бірлік орта мектебі» мкм-нің 2023-2024 оқу жылының

### 1 жартыжылдық бойынша бастауыш бірлестігінің жүргізілген жұмыстарының есебі

Мектептің барлық жұмыс жүйесін тұтастай байланыстыратын мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттырудың басты құралы әдістемелік жұмыс болып табылады. Мектептің әдістемелік жұмысының рөлі қазіргі заман жағдайында *оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістемелерін, тәсілдері мен түрлерін тиімді қолдануға* байланысты артып отыр. Бастауыш сынып бірлестігінде 10 мұғалім жұмыс істейді.

Бастауыш сынып бірлестігінің жұмысы I-тоқсан жұмыс жоспары бойынша жүзеге асырылды. Тамыз айының 25 –інде Әдістемелік нұсқау хат, нормативтік құжаттар, жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасымен және 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулықпен танысып, талқыланды. Бірлестіктің жылдық жоспарымен танысты. 1 қыркүйек Білім күні «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында әр сынып өз мәнінде сынып сағаттарын өткізді. Сынып сағатында оқушыларға білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отанға құрмет көрсету туралы мағлұмат берілді.

2023-2024 оқу жылының I тоқсанын әр сынып аяқтады. Әр пәннен бөлім бойынша жиынтық бағалау жүргізіліп отырды. Iтоқсан соңында барлық пәннен тоқсандық жиынтық бағалау алынып, талдау жұмыстары жүргізілді.

26-30 қыркүйек күндері 4 «А» сыныбынан «Дарын» Республикалық Ғылыми- Практикалық орталығы ұйымдастырған «Кенгуру» ойын- конкурсына 8 оқушы қатысты. Нәтижесінде 5 оқушы I дәрежелі диплом иеленді. Олар: Асқар Айзере, Әлімқызы Айда, Баймолда Айдос, Медетұлы Нұрәлі, Төлеген Абылайхан.

1 оқушы II дәрежелі диплом иеленді. Ол Жанан Дінмұхамед. 2 оқушы қатысқаны үшін сертификат иеленді. Олар: Әбдіжаппар Әбділда, Кенжеханқызы Аяла.

Қыркүйек айында өткен «Алтын сақа» олимпиадасының мектепішілік кезеңіне Баймолда А, Медетұлы Н, Төлеген А қатысып аудандық кезеңге Баймолда Айдос өтті. Жетекшісі Алтаева Қарлығаш Исановна.

3 «А» сыныбынан осы аталған сыныбынан «Дарын» Республикалық Ғылыми- Практикалық орталығы ұйымдастырған «Кенгуру» ойын- конкурсына 2 білім алушы қатысып, 1 дәрежелі дипломмен Тлеуберген Дильназ, Ерланұлы Арлан жеңімпаз атанды. Жетекшісі Шашубаева Фарида Дукенбаевна. Толегенова Н. Дарибаева А. Балқаш ауданында «Алтын тұғыр» семинарына қатысты. Уябасарова С. біліктілік курсқа барды. I-тоқсанда жоспар бойынша әр сынып апталық сынып сағаттары өткізілді. 25- қазан Республика күніне арналған тәрбие сағаты өткізілді. Білім алушылар тәрбие сағатында ұлттық мүдде құндылығының мақсат міндеттерін сезінді. Отаншыл, намысшыл болудың маңыздылығын түсінді.

1 тоқсанда 4 а сынып білім алушылары мектепте өткен барлық іс- шараларға белсенділікпен қатысты. Кітапханадан әр түрлі тақырыпта кітаптар алып оқып, қызығушылықтарын арттырды.

**«Бірлік орта мектебі»-нің бастауыш сынып оқушыларының «Баспалдағы білімнің – бастауыштан бастаған» атты онкүндік іс- шараның өтілуі жайлы**

### **Х А Б А Р Л А М А**

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі- оқушыны білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру. Мектептің әдістемелік жұмысының рөлі қазіргі заман

айында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістемелерін, тәсілдері мен түрлерін тиімді дануға байланысты артып отыр.

Бастауыш сынып бірлестігінің «Баспалдағы білімнің – бастауыштан бастаған» атты іс-шара 08 қаңтар мен 19 қаңтар аралығында 2-4 сынып оқушылардың онкүндігі өткізілді. Онкүндік іс-шараның мақсаты: Өскелең ұрпаққа, болашаққа бағдар беретін білімді, саналы еліне адал қызмет ететін патриоттық сезімі жоғары тұлға тәрбиелеу. Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу сапасын арттыруға ықпал ететін жаңа әдіс-тәсілдерді өз тәжірибелеріне енгізе отырып, кәсіби күзиреттілігін, кәсіби білімін үздіксіз жетілдіре отырып оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру. Тәжірибе алмасу.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 2-4 сыныптар аралығында сыныптан тыс-іс шаралар, ашық сабақтар өткізілді. 08.01.2024ж. онкүндіктің ашылуы (әдеби монтаж) Боранбай З. Хамильдаева Г. 2-4 сыныптар арасында ашылу салтанатын жүргізді. 8 қаңтар мен 19 қаңтар аралығында бастауыш сынып мұғалімдері үлгілі сабақтарын өткізді. 4 «А» сыныбында Алтаева Қ.10 қаңтар күні білім алушылардың танымдық көзқарасын, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтіп, логикалық ойлау, шапшаңдық, ізденімпаздық, іскерлік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында. «Білімді мыңды жығар» атты зияткерлік сайысы өтті. Сайысты реттік сан есім арқылы екі топқа «Дарабоз» және «Олжа» тобы болып бөлініп білім сынына түсті. Әр топ өз ұрандарын айтып өздерін таныстырады.

Сайыс 5 кезеңмен өтті. «Бәйге» «Керемет үштік», «Мақал- сөздің мәйегі», «Көкпар», «Антоним». Сайыс қорытындысы бойынша «Дарабоз» тобы басым түсіп, жеңіске жетті. Сайыс өте тартысты болды.

18 қаңтар күні 4 «А» сыныбында қазақ тілі пәнінен «Ілік септік» тақырыбында үлгілі сабақ өтті. Сабақта интербелсенді әдіс- тәсілдер қолданылды. Сабақ мақсатына негізделген шығармашылық тапсырмалар орындалды. Сабақта жеке оқушыларға жеке тапсырмалар берілді. Мұғалім әр тапсырмадан кейін тиімді кері байланыс беріп отырды.

Бастауыш пән бірлестігі онкүндігінде жоспарланған 18.01.24 2 «А» сыныбында Айкимбаева А. жаратылыстану пәні «Күннің достарын білесің бе?» атты үлгілі сабақ өтті.

Жоспарланған сабақ мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Шілдебай М., мектеп директоры келісімімен бекітілді.

Ұйымдастыру кезеңін психологиялық ахуалмен бастады. Үй тапсырмасын «Сұрақ дөңгелегі» әдісімен тексерді.

Бағалау ұлттық құндылығымыз домбыра әдісімен жүргізіліп отыратынын ескертті.

Сабақтың жаңа тақырыбын «Ой қозғау» тәсілін қолданып, РЫҒАШ жасырынған сөзбен ашты. Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен оқушыларды таныстырып, оқулықтағы QRкодын оқушылар ұялы телефоннан ашып, тақтадан көріп отырды, тапсырма бойынша өз бетімен ғаламшарларды ретпен атады.

Талқылау сұрақтары бойынша «Ғаламшарлар қалай қозғалады?» атты бейнежазбаны ұсынылды. Орбита деген ұғыммен таныс бола отырып, «Тәжірибе алаңы» әдісін қолданды. Оқушылар ғаламшарлар қозғалуын көрсету үшін 8 оқушыға ұзындығы әр түрлі 8 жіппен Күнді айналып өтті. (Күн жүйесінің макеті бойынша). Алдыңғы сабақта интернет желісінен алып және кіші ғаламшарлар туралы мәлімет біліп келу тапсырмасы берілген. Соның (жіптің) ұзындығы бойынша орбита, яғни жолымен білім алушылар жүріп өтті. Таратпа жұмыстарын орындағанда тәжірибе алаңынан не білгенін, түсінгенін өз беттерімен жазды.

4 сұрақтың 3-еуне жауап бере алды. Бірақ, ... өз орбитасымен қалқып жүрген ғаламшарлар ешқашан соқтығыспайды деген сұраққа Қали Бағнұр ғана жауап бере алды.

Сабақты қорытындылау мақсатында «Word Waal» платформасын пайдаланып, ойын түрінде бекітілді.

Сабақтың соңында оқушылар жинаған балдарымен өз-өздерін бағалады.

Үйге тапсырма берілді.

атар айының 11 күні Шашубаева Ф. 3 А сыныбында «Білімділер тартысы» атты сыныптан тыс іс-шара өтті. Бұл шара 6 кезеңнен тұрды.

1-кезең: «Кім жылдам?» ойыны. (Бұл кезеңде 2 командаға бірдей 2 әріп беріледі. («Қ», «Т»)) Берілген әріптен команда мүшелері бір-бір сөзден ойлап жазады. Оқушылардың жазу каллиграфиясына көңіл бөлу. Әділқазлар оқушының каллиграфиясына назар аудара отырып, 10 балдық жүйеде бағалайды)

2-кезең: «Логикалық сұрақтар» (Әр командаға кезек-кезек ұяшық тандап сонда жасырынған сұраққа жауап береді. Оқушылардың шапшаң әрі толық жауап беруіне мән беру. Жылдам әрі толық жауап берген командаға сол ұяшықтағы ұпай санынна ие болады.

3-кезең: «Мың бір мақал» (2 команда мақалды айтып, мағынасын түсіндіру керек. Тапсырманы толық түрде орындаса 10 ұпай қойылады, толық болмаса 5 ұпай қойылады)

4-кезең: «Кім тапқыр?» (Әр топтан бір қатысушы әріп тандайды. Қойылған сұрақтарға сол әріптен сөздермен жауап береді. Сөзді толық тауып айтса 10 ұпаймен бағаланады)

5- кезең: «Бір сөзбен айтқанда...» (Тұрақты сөз тіркестері беріледі. Мағынасын айту керек. Сөзді толық тауып айтса 10 ұпаймен бағаланады)

6-кезең: «Олжалы уақыт» (Төрт командаға бірдей сөз беріледі. 2 минут ішінде «Қазақстан» сөзінен сөз ойлап табу керек. Қанша сөз ойлап жазса, сонша ұпаймен есептеледі):

18.01.24ж қазақ тілі пәнінен «Негізгі және туынды зат есім» үлгілі сабақ өтілді. Қолданған әдіс-тәсілдер вордвол платформасымен жұмыс, Жасырынған сөзді тап, хикая картасы

Бастауыш пән бірлестігі онкүндігінде жоспарланған 19.01.24 ж 3 «Ә» сыныбында дүниетану пәні «Менің қауіпсіздігім» атты үлгілі сабақ өтті.

Жоспарланған сабақ мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Шілдебай М., мектеп директоры келісімімен бекітілді.

Ұйымдастыру кезеңін психологиялық ахуалмен бастадым. Үй тапсырмасын «Сұрақ жауап» әдісімен тексердім.

Бағалау ұлттық құндылығымыз домбыра әдісімен жүргізіліп отыратынын ескеттім.

Сабақтың жаңа тақырыбын «Ой қозғау» тәсілін қолданып, Кір жайғыш жасырынған сөзбен аштық. Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен оқушыларды таныстырдым. Оқулықтағы суреттермен ретпен атады.

Талқылау сұрақтары бойынша «Менің қауіпсіздігім» атты бейнежазбаны ұсындым. Оқушылар өрттің қалай қауіпті болатынын түсініп сұрақтарға жақсы жауап беріп, тапсырмаларды ортындады. Топтық жұмыстар мен жұптық жұмыстар жасалынды.

Сабақты қорытындылау мақсатында «Word Waal» платформасын пайдаланып, ойын түрінде бекіттім.

Сабақтың соңында оқушылар жинаған балдарымен өз-өздерін бағалады.

Үйге тапсырма берілді.

### «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысы

2 сынып оқушыларымен «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысы болды. Мақсаты: 1. Оқушыларды «Сөз мәйегі - мақал» дегендей, ата - бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету. Сөз өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту, тапқырлыққа, даналыққа тәрбиелеу.

Бұл сайысқа екі топ қатысты:



оқушыларға психологиялық ахуал туғызып, 2 топқа бөлінді.

**1. «Сұңқар» тобы.**

**2. «Тұлпар» тобы.**

Алдымен мақал - мәтел дегеніміз не? Жұмбақ туралы мағлұмат берілді.

Сайыс 4 – бөлімнен тұрады.

**1 – бөлім** бойынша «Кім көп біледі?» Қатысушы топтар мақал – мәтел айтудан жарысады. (1 минут уақыт беріледі, сол уақыттың ішінде топтар қанша мақал айтса, ұпай саны да соған қарап қойылады.

1 – бөлім бойынша «Сұңқар» тобы жеңіске жетті.

**2 - бөлім:** «Жалғасын тап» (мақал - мәтелдің басы беріледі, қатысушы топтар мақалды жалғастырады). Әр топқа 10 мақалдан берілді. Бұл сайыста екі топтың ұпай саны тең түсті.

**3 – бөлім:** «Кім тапқыр?»- жұмбақ шешу сайысында әр топқа 10 жұмбақтан берілді. Топтағы барлық оқушылар белсене қатысып. «Сұңқар » тобы жеңіске жетті. Әр айтқан дұрыс жауапты әділқазылар алқасы санап реттеп отырды.

**4-бөлім**

«Кім жүйрік ?» **10, 20, 30, 40**

Бұл сайыста ұяшықтар беріледі. Әр топтан оқушылар келіп ұпайды тандайды, сол ұпайдың артында жасырылған сұрақтарға жауап береді. Егер дұрыс жауап берсе сол ұпай саны сол топқа жазылады. Барлық сайыстың қорытындысын шығарып жеңген топты анықтады. Жинаған ұпай саны бойынша «Сұңқар тобы» жеңіске жетті.

**Сабақтың тақырыбы: Дұрыс тамақтана біл! Ашық сабағы бойынша**

Сабақты оқушылардың көңілін сабаққа аудармас бұрын, психологиялық ахуал жақсарту мақсатында басталды. Одан кейін өткенді пысықтау жалғасын тапты. Бұл бойынша сұрақтар берілді. Сол сұрақтарға жауап берді. Оқушыларға үй тапсырмасы мен жаңа сабақтың сабақтастық ретінде оқушыларды 3 топқа бөліп, постер қорғады. Сол постер арқылы жаңа тақырыпты анықтап алды.

Жаңа сабақты түсіндіру мақсатында видеоролик көрсетілді.

Кітаппен жұмыс: Мәтінді тыңда. Оқушылар мәтінді оқып , сыныпта талдау жасалды.

Топпен жұмыс

«Құпия тапсырма» әдісі ( Конвертке салынған суреттерді топтастырады)

Дәптермен жұмыс: тақтада берілген дәрумендердің пайдасы туралы жазады.

Жазылым: Тақтада қима қағаздарды оқып ішінен тамақтану ережелерін құрастырып алды. Сосын дәптерлеріне жазды.

Сергіту жаттығуы: Пайдалы тағамдарды атағанда ( қол шапалақтаймыз)

Зиянды заттарды атағанда ( аяғымызбен тарсылдатамыз)

Эксперимент жасау: бұл жерде оқушыларға қатырлақ картопты (чипсы) үш жағдайда жасалды.

1-ші: майлыққа салып . 2-ші суға салды, 3-ші мұғалім көмегімен жандырды. Осы бойынша оқушылар анықтады. Майлы болатындын, құрамында тұз, ащы заттың көп екенін, жанғыш заттың құрамында болатындығын.

Есінде сақта: егер дұрыс тамақтанбаса адам толықтыққа ұшырайды ( тақтада толықтыққа байланысты суреттер шығып тұрды)

Рефлексия : «Банка» әдісі арқылы Оқушыларға қима қағаз таратылды, сол қима қағаздағы сөздерді оқиды. Сол сөздер тамаққа қатысты болса, банкаға салады. Қатысты болмаса салмайды.

Бағалау «Домбыра » арқылы. Қолдарындағы домбыра арқылы кім қанша баллға жеткені туралы айтады.

Кері байланыс: « Данышпан үкі» кері байланысы арқылы.

Дарибаева Ажар жаратылыстану пәнінен «Дыбыстың шағылуы деген не?» деген тақырыпта үлгілі сабағы 19.01. күні өтті. Үй тапсырмасын үйдегі заттардың және олардың көлеңкелерінің

еттерін салып келу. «Өткенді еске алу айдары» әдісінің сұрақтарына жауап береді. «Бір сұрақ» әдісі бойынша жаңа сабақты бастады. Зерттеушілік жұмысы жүргізілді. Сынып бөлмесіндегі дыбысты зерттеп көрді. «Бейнеле» айдары әдісі бойынша дыбыстың тез шағылатын кездерінің суреттерін салғызды. Оларды түсіндірді. «Мина алаңы» әдісінің сұрақтары бойынша білім алушылар ортаға шығып жасырылған сұрақтарға жауап береді. Сабақты бекіту кезінде «Шындық /жалған» әдісінің сұрақтарына жауап береді. Кері байланыс жүргізіп отырды.

12.01.24 жыл сыныптан тыс-іс шара "Ең ақылды оқушы" атты интеллектуалды ойынның өткізді. (Топтық сайыс)

Мұғалімдер ашық сабақтарында жаңа инновациялық технологиялардың әдіс- тәсілдерін тиімділігіне қарай шебер қолдана білді. Сабақтардың құрлымы жүйелі құрылды . 26 – қараша күні іс-шараға қатысқан оқушылар марапатталып, іс-шара қортындыланды. Сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімдері көптеген қызықты сыныптан тыс шаралар өткізді. Онкүндік бастауыш сынып мұғалімдерінің өз шығармашылық әлеуметін ашып көрсетуге мүмкіндік берді. Оқушылар пән бойынша жақсы білім көрсеткіштерін көрсетті. Еліміздің егемендігі нығайып, ертеңіне сеніммен қадам басқан шағында заманына сай адамын тәрбиелеу басты міндет екенін ұмытпауымыз керек.

Бастауыш пән бірлестігінің жетекшісі

Ж. Досымбекова

**«Бірлік орта мектебі» мкм-де жаратылыстану -математика пәндер бойынша  
2023-2024 оқу жылында І жартыжылдық бойынша  
атқарған жұмыстары туралы  
Х а б а р л а м а**

Жаратылыстану пән бірлестігінің өзекті мәселесі: «Сабақта жаңа технологияны пайдалана отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, нәтижеге бағытталған білім беру.

**Математика пәнінің мұғалімі Есжанова Аманкуль** 2023 жылдың қыркүйек айында 6 сыныптар арасында өткен ” Алтын сақа“ мектепішілік пән олимпиадасына қатысып Русланқызы Кәусар , Таиров Рамазан , Аршынұлы Заңғар ауданға жолдама алды. Сонымен қатар 9 сыныптар BILIMCENTER.KZ. тест тапсырды. 9<sup>о</sup> сыныптар бойынша нәтижесі 32% , 9<sup>а</sup> сынып бойынша 51% көрсеткіш көрсетті.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Абай « пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып, 6 сынып оқушысы Русланқызы Кәусар математика пәні бойынша 1-дәрежелі дипломмен , Қалас Диана 2- дәрежелі дипломмен, 9- сынып оқушысы Ғаниұлы Мадияр математика пәні бойынша 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. Астана 2023ж. « Алтын сақа» математикалық олимпиадасына 6-сынып оқушылары Русланқызы Кәусар , Қалас Диана аудандық кезеңге қатысып, қатысқаны үшін грамотамен марапатталды..

Мектепішілік пән олимпиадасынан Мейрамбекұлы Рамазан қатысып, аудандық пәндік олимпиадасына жолдама алып , қатысып сертификат алды.


**Математика пәнінің мұғалімі Сейтқұл Айжан** 2023 жылдың 30 –қыркүйекте 5-6 сыныптарға арналған Республикалық «Алтын сақа» математикалық мектепішілік олимпиадаға 5 «ә» сыныбының 4 оқушысы қатысып, нәтижесінде Нұркен Әділет озып шығып, аудандық кезеңге жолдама алды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы «Абай» пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысып, 5 сынып оқушылары Нұркен Әділет, Мейрамбек Абылай математика пәні

**"Бірлік орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша  
2023-2024 оқу жылындағы медбикенің жұмыстарының  
ХАБАРЛАМАСЫ**

Бірлік орта мектебі бойынша қыркүйек айында 353 оқушы қабылданды, барлық мектеп ұжымын және оқушылар толықтай медициналық тексерілуден өтті. Жұқпалы ауруларды оқшаулау әдісі бойынша күнделікті фильтр жұмысын медбике А.Елеубаева жүргізіп отырады. Оқушылардың күнделікті тамақтану тәртібін және жеке бас гигиенасын сақталуын қадағалайды. Өртүрлі жұқпалы аурулардың жас мөлшеріне байланысты жоспар бойынша екпе жұмыстары уақытылы жүргізіледі.

Қыркүйек және қазан айларында диспансерлік есепте тұратын және жиі ауыратын оқушыларға Тұмауға қарсы 40 оқушыға екпе жұмысы жүргізілді. Оқушыларға және сынып жетекшілеріне "Вирустық А гепатиті немесе лас қол ауруы туралы" тақырыбында түсіндірме жұмысы өткізілді. 4-11 сынып оқушылар аралағында диктант жұмыстары алынды. Вирустық гепатит ауруы тіркелген жоқ. 16 қазан күні Облыстық ЖИТС орталығынан эпидемиолог дәрігер келіп 8-11 сынып оқушыларына семинар тренинг өткізді. Семинарда ЖИТС -қа байланысты мектеп медбикесі және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Балабай оқушылар мен мұғалімдерге сауалнама таратып слайдпен олардың қандай жолмен жұғатынын түсіндірді ЖИТС-ке байланысты оқушыларға кітапшалар таратылды. Қараша айында мектеп медбикесі А.Елеубаева "Қыз бала гигиенасы және ерте жүктіліктің алдын алу" тақырыбында қыздар жиналысын өткізді және 19 қараша дүниежүзілік темекіден бас тарту күніне байланысты оқушыларға біраз мәліметтер берді. Шылым шегу жас өспірімдердің денсаулығына, келер ұрпаққа зиян келтіретінін айтты, сұрақ бойынша пікірлер айтылды. Қызылша жұқпалы ауруына байланысты оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді және 4-11 сынып оқушылар арасында жазбаша диктант жұмыстары алынды. Қызылша, Таз, Тұмау және т.б жұқпалы ауруларының алдын алу үшін түсініктеме жұмыстары жүргізіліп тұрады және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында және гигиеналық талаптар жөнінде апта бойы медбике А.Елеубаева қадағалап отырады. Мектебімізде әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы осындай іс-шаралар жүргізіліп тұрады.

Мектеп медбикесі  А.Елеубаева

## **«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 4,8,9 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін зерттеу бойынша талдау**

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (бұдан әрі-Ұлттық жоспар) мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту процесін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық -техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс -шаралар кешенін қамтиды. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері. PISA зерттеулері бойынша көш басында тұрған елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея, т.б) нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мынадай фактор әсер етеді:

**Функционалдық сауаттылықтың мақсаты:** Оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілетін, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шартын, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамыту.

**Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті:** Мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.



Осы тұрғыда 4,8,9-сынып оқушыларынан тест алынған болатын. «GOOGLE» формасында тест алынып, нәтижелері пән мұғалімдерімен сарапталған болатын. Нәтижесінде оқушылар функционалдық сауаттылыққа берілген тапсырмаларды сабақ барысында мұғаліммен бірге орындап төселгендіктен, кейбір оқушылар үшін қиындық тұмады.

### **Функционалдық сауаттылықтың формалары:**

- Оқу және жазу сауаттылық
- Жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық
- Компьютерлік сауаттылық
- Математикалық сауаттылық
- Денсаулық сауаттылық
- Құқықтық сауаттылық

### **Басшылыққа алынатын сапалар:**

- белсенділік
- шығармашылық тұрғыда ойлау

-шешім қабылдай алуы

-өз кәсібін дұрыс таңдай алу

-өмір бойы білім алуға дайын болуы

**Білім беруде оқыту мен оқу үдерісіндегі ескерілген талаптар оқушылардың функционалдық сауаттылығына тигізер әсері қандай?** Оқушыларды оқу үдерісіне белсене қатыстыру, алған білімдерін бағалату. Өздері ұсынған қорытындыларынның дәлелдемелеріне сын тұрғысынан қарау. Дәлелдемелер арқылы модельдеу ,талдау арқылы проблемаларды шешу, пікірталаста білікті болу, алған білімдерін қолдана білу және білімдерінің қалай алынғанын талдай алуы.

ДОДЖО

К.Мамырова

**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша  
«Тренттегі -әдіс тәсілдер» коучинг тақырыбымен математика, физика және  
информатика пәндері арасында жүргізілген туралы  
ХАБАРЛАМАСЫ**

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша



«Тренттегі -әдіс тәсілдер» коучинг тақырыбында 24.02.2024ж. күні өтті.

Коучингтің мақсаты – математика, информатика және физика сабақтарында, сабақтан тыс іс-шараларда оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін қолдана

отырып, сабақта пайдалану. Ғылымдар патшасына қызығушылықтарын арттырып, ізденістері мен танымдарын қалыптастыру, жан-жақты жетілдіру, өз беттерінше шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру қабілеттерін дамыту болды.



Апталық барысында мұғалімдер ұйымдастырған коучинг үш тілде амандасу мен басталды. «Қош келдіңіздер!» «Дорогие учителя!» «Hello teacher!» Бұл кезең ұстаздарымыздың ынтымақтастығын арттыру болды. II кезең «Знание» платформасында «Ақиқат, жалған» әдісі ширатылды. III кезең: «КИНОtime» тәсілі жүргізілді. Көрсетілген кино үзіндісінің тақырыбын, авторын, қай жылы шыққанын табу. IV кезең «Шашки» ойынын екі бірлестік жақсы тартыспен ойнады. Жеңіс гуманитарлық пәндер бірлестігіне бұйырды. V кезең: «Дос жинау» әдісі кезең өте қызық өтті. «Дос жинау» әдісінің шарты: шарларды әр адам бір- бірден адам қосу арқылы мәреге жету. Бұл кезеңде жаратылыстану пәндер бірлестігі жеңіске жетті. VI кезеңде «Ұшақты бумеранк» әдісінде әр ұстаз ұшақ жасау керек. Ұшақ «Өзіңе жақсылық жаса» тақырыбында ұшақ өзінің жасаған еңбегі, өзіне қайтып келу керек мақсатында әдемі аяқталды.

Коучинг соңында әр ұстаздың пікірі тыңдалып, кері байланыс берілді. Бірлестік бойынша әр бірлестік «Тренттегі -әдіс тәсілдер» коучингіне қатысқандары үшін қуанып, өздеріне керекті әдістерді, тәсілдердің пайдасы болатынын жақсы сөздерімен жеткізді.

Барлық іс-шаралар, яғни интеллектуалды сайыстар мен сыныптан тыс іс-шаралар, пікір сайыстары мен ашық сабақтар заман талабына сай ақпараттық



технологияларды пайдалану арқылы өткізілді.

Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды дамып, еліміздің экономикасы өсіп, үкімет

үдемелі индустрияландырудың керемет жобаларын жүзеге асырып отырған кезеңде оқушылардың математика мен физика пәндерінен біліміне, компьютерлік сауаттылық деңгейіне қойылатын талап та жоғары. Болашақта білімді ұрпақ керек, ал білім кілті – барлық нақты ғылымдардың негізін меңгеруде. Себебі математикалық білімі мықты, компьютерлік сауаттылығы жоғары әрі ойлау қабілеті дамыған бала ғана ғылым мен техника тілін табысты меңгере алады. Әр баланың жеке бір ғылымға деген қабілетін ескере отырып оқыту, оны дамытудың барлық мәселелерін шешетін дайын әрі керемет әдістеме болуы мүмкін емес. Оқушылардың бойында білімге деген қажеттілікті сезіну, білім алу үшін өз бетінше іздену, жаңашылдыққа ұмтылу қасиеттерін тәрбиелеу-сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге асырылды.

Қорыта келе, ұстаз-жас ұрпақтың рухани сәулеткері және қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Ұстаз – әрі ғалым, әрі шешен, әрі көшбасшы бола білсе ғана алдында отырған шәкірті білімді болады, білімді оқушыны қызыға оқу мақсатында түрлі әдістерді қолданған ұстаз болашақта ел тұтқасын берік ұстайтын ұстаз болуы анық.

Таныстырған: информатика пән мұғалімі Д.Қаирғали

## **Шешім:**

- 1.Облыстық пән олимпиадасының және ғылыми жоба байқауына оқушылар үнемі қатыстырылсын және оны қадағалау директордың оқу-тәрбие орынбасары М.Шілдебайға жүктелінсін;
2. I жартыжылдық бойынша әдістемелік бірлестіктер жұмысының қорытындысы «қанағаттарлық» деп танылсын;
- 3.Медицина қызметкерінің жеке гигиена дағдыларын қалыптастырубойынша профилактикалық жұмысының нәтижелері «қанағаттанарлық» деп танылсын;
4. 4,8,9, сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін зерттеу жұмыстары күшейтіліп,қадағалауға алынсын. Қадағалау директордың оқу-тәрбие орынбасары М.Шілдебайға жүктелінсін;
- 5.Білі сапасын арттыру мақстаныда математика, физика, информатика пәні мұғалімдерінің іс-тәжірибесімен бөлісу жұмыстары «қанаттанарлық» деп танылсын;



**«БЖБ және тжб тапсырмаларын құрастыру және пайдалану туралы»**

**өткізілген коучингтің**

**ХАБАРЛАМА**

**Мақсаты:** 1) БЖБ және тжб түсінігін алу;

2) БЖБ және ТЖБ үлгілеріне қарап тапсырмаларды мұғалімдер құрастырады.

**Күтілетін нәтиже:** Мұғалімдер БЖБ және ТЖБ жасауға дағдыланады.

Мұғалімдер БЖБ және ТЖБ құрастыруда кездесетін кедергілерді бірлесе анықтап, тиімді әдіс-тәсілдерді қолданады.

Қосымша ресурстар: Интербелсенді такта, слайд, маркелер, флипчарттар, интербелсенді такта, стикерлер, түрлі-түсті қағаздар, үлестірме материалдар.

Критериалды бағалау жүйесі— оқушылардың жетістіктерін критериалды бағалау әдісі көптеген шет елдерде кең таралған, өйткені бұл технология барынша шынайы, нақты және валидті болып табылады. Мұғалім бағалау критерийлерін анықтауды үйренуі керек.

Бағалау қағидағтары:

- Оқыту мен бағалаудың байланысы. Бағалау оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Критериалды бағалау жүйесін дұрыс қолдану бұл БЖБ мен ТЖБ нәтижелерінің дұрыс болуына алып келеді. БЖБ мен ТЖБ оқу үлгерімінің қорытынды баллын шығару үшін алынады.

Коучингті деңгейлік курс оқыған әріптестеріміз жүргізді. Коучинг келген мектеп мұғалімдерімен көңілді әуенмен сақиналар арқылы би билек арқылы басталып, БЖБ және ТЖБ тобы болып екіге бөлінді. Содан соң мұғалімдерге слайд арқылы төмендегі сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

- БЖБ-да алынған дайын тапсырмалар сіздің оқушыларыңызға түсінікті ме?
- ТЖБ-да алынған дайын тапсырмалар сіздің оқушыларыңызға түсінікті ме?
- БЖБ және ТЖБ кезінде блгіленген межелік уақытқа оқушыларыңыз үлгереді ме?
- БЖБ, ТЖБ кезінде қандай қиындықтармен кездестініздер?
- БЖБ мен ТЖБ да өзіңіз өзгерту енгізесіз бе?